

**"Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы"**  
**Сайрам ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 9 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Түркістан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 30 қаңтардағы № 40 қаулысы

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26, 65-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Сайрам ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы" Сайрам ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 9 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

қаулының 1 тармағындағы "бөлу жолымен" деген сөздер "бөліп шығару жолымен" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А. Сәбитов*